Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.1. – Б.54-55

КОНЦЕРН «ЦЕСНА - АСТЫҚ» ЖШС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖАЗДЫҚ ҚАТТЫ БИДАЙДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ САПА КӨРСЕТКІШТЕРІН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР ТАЛАПТАРЫ БОЙЫНША БАҒАЛАУ

Қыстаубаева А.Қ.

Мемлекет тұрғындарын нанмен қамтамасыз ету және өзге елдермен сауда қатынасын орнатуға тек үлкен мөлшерде бидайды өсіру ғана емес, сондай – ақ астықтың мөлшері мен сапасының аз шығынданuуына қол жеткізу негізгі мақсат болып табылатын, сонымен қоса өнімді стандарттау бойынша және өнімнің дұрыс, әрі ұйымдасқан түрде сапасын зерттеу аса үлкен маңызға ие.

Өнім сапасын анықтау, оның сақталуы мен өнделуі барысында қажет. Дәнді дақылдардың міндетті сапа көрсеткіштеріне дәннің тазалығы, жаңалығы, зиянкестермен залалдануы, ылғалдылығы мен қоспалардың болуы жатқызылады.

Олар мемлекеттік стандарттарға кірістірілген, арнайы базистік және шектеулі кондициялар да тағайындалған. Жоғарыда аталғандардан басқа жаздық қатты бидай дәнінің сапа көрсеткіштеріне натуралық салмақ, шикі дән ұлпасының сапасы мен мөлшері және т.б. көрсеткіштер жатқызылады.

Астық өнімдерін бағалауда шикізат ретінде өндірістің өңдеуші саласы үшін оның технологиялық қасиеттеріне көп мән беріледі. Өнімнің технологиялық қасиеттері – бұл энергияның барлық шығынын шығара отырып, жоғары сапалы өнім алу. Сапалы шикізатты өңдеген кезде өнімнің кірісі жоғарылайды немесе үздік сапалы бұйымдар көбейеді, сондай-ақ өнімнің ассортиментін кеңейтуге мүмкіндік тудырады.

Дипломдық жобаны орындау бырысында жаздық қатты бидайдың келесі технологиялық көрсеткіштері: ылғалдылығы, қоқыс және дән қоспасының құрамы, натуралық салмағы, жылтырлығы, шикі дән маңызының, салмақтың мөлшері сапасын талдау және т.б көрсеткіштерді «Цесна-Астық» ЖШС жағдайында талдау жүргізіледі. Мұнда екі бидай сұрпын таңдап алынды:

Орынборлық 2 сұрпы;

Безенчукскілік 39 сұрпы осы екі сұрпыны, сапа көрсеткіштерін талдап, одан арғы үрдістерді жетілдіру.Талдау нәтижнсінде Орынборлық -2 сұрпын 3 сыныпқа, ал Безенчукскілік 39 сұрпын 2 сыныпқа жеткізу.

«Цесна –Астық» АҚ-да өткізіліп жатқан үрдістерді одан әрі жетілдіру керек. Мұндағы мақсат бидай астығының сапасын ҚР СТ 1046-2008 стандарты бойынша 1 класқа жеткізу.